

«Балдәурен» бөбекжай – бақпасының
менгерушісі *Десік*

Жамбылова Т

2023 жылы



«Қарлығаш» ортаңғы тобы

Ашық есік күнінің жоспары:

«Мен талапты баламын»



Тәрбиешілер: Ганиева Б

Сеткасимова А

2023 – 2024 оқу жылы

**«Қарлығаш» ортаңғы тобының «Ашық есік» күніне арналған
іс – шара жоспары**

№	Өткізілетін іс шараның тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Кім жылдым?» ата – аналар арасында спорттық сайыс	11.12.2023 ж	Ата - аналар
2	«Тіс щетка патшалығы» ҮІӨ	11.12.2023 ж	Медбике
3	«Елтаңбасы елімің» дидактикалық ойын әрекеті	12.12.2023 ж	Топ тәрбиешілері
4	«Шалқан» ертегісін сахналау	12.12.2023 ж	«Қарлығаш» тобының тәрбиеленушілері
5	«Тәуелсіздік тұғырым» танымдық іс - әрекет	13.12.2023 ж	Топ тәрбиешілері
6	«Жүрек жылуы» ата – аналарға арналған тренинг	13.12.2023 ж	Топ тәрбиешілері
7	Қорытынды	13.12.2023 ж	Әдіскер

Әдіскер: *Жылысбаева Р* Жылысбаева Р

«Ашық есік» күнінде өткізілген іс – шаралардың АНЫҚТАМАСЫ

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес, желтоқсан айында «Мен талапты баламын» тақырыбында «Қарлығаш» ортаңғы тобында 11.12 – 13.12.2023 жылы жоспарлы «Ашық есік» күні өткізілді. Іс – шара жоспары жасалып меңгеруші Г. Жанибекованың қолы қойылып, бекітілді. Үш күндік «Ашық есік» күніне барлығы 9 ата – ана қатысты. Балалар балабақшада немен айналысып жатқанын, күн тәртібінің орындалуын, таңғы жаттығуды және ас мәзірі мен тамақтану гигиенасын көрді. Балаларымен бірге ұйымдастырылған іс – әрекетке қатысты.

Топ тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен 11 желтоқсан күні «Кім жылдам?» отбасылық спорттық сайыс өткізілді.

Мақсаты: таза ауада спорттық сайыс ұйымдастыру арқылы ата – аналарды балабақша өміріне араластыру. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Сайысқа 6 отбасы қатысты. Әділ – қазы алқасы сайланды.

Жүргізуші сайысқа қатысатын отбасыларды ортаға шақырды.

Ортада ән ұран ойналды. Жүргізуші сайыс ережесімен таныстырды.

Сайыстың 6 – бөлімін таныстырды:

- 1.Таныстыру
- 2.Кім жылдым?
- 3.Бәйге
- 4.Ептілік
- 5.Тіркесіп жүгіру
- 6.Қар жинау
- 7.Қол күрес

Сайыс соңында Жарылқасын Даулеттің отбасы жеңіске жетті.

Әділ – қазылар сайысқа қатысқан ата – аналарға ынталандыру марапатын беріп, сайыс жеңімпазын алғыс хатпен марапаттады.

Күннің екінші жартысында балабақша медбикесі М. Базарбаева бааларға «Тіс щетка патшалығы» тақырыбында ҰІӨ өткізді.

Мақсаты: балаларға тіс күтімі туралы кеңес беру.

Медбике балаларға мотивациялық жаттығу жасатты. Балаларға тіс, көз туралы жұмбақ жасырды. Балалар жұмбақтың шешуін тапты. Медбике балаларға көрнекілік сурет іліп, адам ағзасына тоқталды. Көздің қызметі, тістің қызметі, құлақтың қызметі т.б дене мүшелері туралы айтты. Адамның әрбір дене мүшелеріне күтім керек. Оған қажетті дәрумендер туралы айтты.

Қонаққа тіс дәрегері келеді. Балалармен сәлемдесті. Дәрігер балалардың тістерін тексеріп шықты. Балаларға тәттіне көп жеуге болмайтынын тісті зақымдап құрт түсетінін ескертті. Балаларға шоп тұнбасымен тісті қалай шаю керектігін көрсетті. Тісті таңертең және ұйқыға жатар алдында жуып жату керектігін айтты. Адам ағзасына дәрумендердің

пайдасы туралы кеңес берді. Тіс дәрігері балалармен қоштасып басқада балалардың тістерін тексеру керектігін айтып шығып кетті. Медбике балаларға сергіту жаттығуын жасатты. Балалармен кері байланыс жасады.

Кемшілігі: балалар сайыстың шарттарын бұзып, шатастырып жатты.

Тәрбиеші 12 желтоқсан күні топтағы балаларға «Елтаңбасы елімнің» дидактикалық ойынын ойнатты.

Мақсаты: балаларды патриоттық сезімге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Тәрбиеші балаларға шаттық шеңберін жасатты. Теледидардан Астана қаласын көрсетті. Осы астананың тарихы туралы, Байтеректі, Ақ орданы және Перамиданы көрсетті. Балаларға елеміздің елтаңбасын көрсетті және мағлұмат беріп өтті. Балаларға сұрақтар қойылды. Балалар жауап берді. Балалар Отан, Елтаңба, Көк туымыз туралы тақпақтар айтты. Тәрбиеші балаларға ойын – тапсырма орындау керек екенін айтты. Партаға отырып осы көк туды жапсыру керек екенін айтты. Балаларға көк және сары қағаз, кайшы, желім таратылып берілді. Балалар осы материалдардың көмегімен көк туды жапсыру керектігін айтты. Балалар тапсырманы жақсы орындады.

Кемшілігі: балалар аз сөйледі және сұраққа шулап жауап берді.

Күннің екінші жартысында балалар «Шалқан» ертегісін сахналады.

Мақсаты: балаларды достыққа, бір – бірімен тіл табыса білуге тәрбиелеу. Ертегі диалогтарын айта білуге үйрету.

Автор ертегіні баяндады. Балалар ертегі желісіндегідей диалог сөзбен ертегі кейіпкерлерінің ролдерін сомдап шықты. Ертегі тартымды, қызықты өтті.

Кемшілігі: балалар өздерін еркін сезінбеді. Тек тәрбиешінің нұсқаулығымен ролді алып шықты.

Топ тәрбиешілері 13 желтоқсан күні «Тәуелсіздік тұғырым!» тақырыбында танымдық іс – әрекет өтті.

Мақсаты: Балаларға тәуелсіздік туралы түсінік беру. Тәуелсіздіктің қалай келгендігі туралы түсіндіру. Патриоттыққа тәрбиелеу.

Тәрбиеші шаттық шеңберін жасатты. Балаларға көрнекілік суреттердің көмегімен сұрақтар қойды.

Мысылы: Мемлекеттік тіліміз қандай?, Біздің рәміздеріміз қандай?, Президентіміз кім?, Н.Ә. Назарбаев кім? т.б сұрақтар қойылды.

Балалар жауап берді. Балалар әнұранды орындады. Балалар тәуелсіздікке арналған тақтақтарын айтты. Балалар «Күш сынасу» ойынын ойнады. Жеңілген бала Отан, туған жер туралы мақал айтады. Балаларға түрлі – түсті құммен Бәйтерек бейнесін жасатты. Балалар өздері жасаған бейнелері туралы айтып берді. Ойын соңында балалар сергіту жаттығуын жасады. Тәрбиеші балалармен кері байланыс жасады.

Кемшілігі: тақпақ айтқанда балалар тілдерін төсеп анық етіп айтпады.

Күннің екінші жартысында тәрбиешілер «Жүрек жылуы» тақырыбындағы ата – аналарға арналған тренинг өткізді.

Мақсаты: ата – аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының ролі жайлы түсінік беру. Ата – аналарды өздерінің балаларының жан – дүниесін түсінуге шақыру.

Тәрбиеші ата – аналарды «Жүрек жылуы» тақырыбындағы тренингке қатысуға шақырды. Тренингке 9 ата – ана қатысты.

1. Тәрбиеші «танысу» жаттығуын жасатты. Ата – аналарға түрлі – түсті белгілер таратты. Қызыл түс – қол алып, сары түс – дауыс арқылы, көк түс – мимика арқылы бір – бірімен амандасады.

2. «Қызықты сұрақтар» доп лақтыру арқылы тек балалары туралы бірі-біріне сұрақтар қояды.

3. «Бақыт деген не өзі» ата - аналар өз ойларымен бөлісті.

4. «Аяқталмаған сөйлем» жаттығуын орындады. Тәрбиеші бала туралы мақал – мәтел немесе нақыл сөздің басын айтады, ата – ана сол сөзді аяқтайды.

5. «Балама қандай жылулық беремін?» ата – ана баласына беретін жылулықты сурет арқылы бейнелеп көрсетеді.

6. Тыныштық сәті: «Гүлдің оянуы» (баяу музыканың үнімен өткізіледі)

Тәрбиеші музыка арқылы ормандағы тыныштықты, керемет дыбыстарды, ғажайып әлемді, иісі мүнкіген гүлдерді елестеткізеді.

Ата – ана осы сәтті қағаз бетіне түсіріп, гүлді салып, баласына деген сүйіспеншілікті жазып, өзінің ой – пікірін жазады.

Тренинг ата – аналарға қатты ұнады. Осы тренингтен жақсы әсер алғандарын айтты.

Қорыта келе: «Қарлығаш» ортаңғы жас тобы үш күндік «Ашық есік» күнін жоспар бойынша өткізді. Ата – аналар үш күн бойы балабақшаның тірлік – тіршілігін көздерімен көріп, іс – шараларға белсенді қатысты. Балабақша педагогтеріне алғыстарын айтып тарасты.

Әдіскер: *Жылысбаева Р* Жылысбаева Р

Бекітемін

«Балдәурен» бөбекжай бақшасының

менгерушісі  Жанибекова

«  » 2023 жыл

«Қарлығаш» ортаңғы тобы

Ашық есік күні

«Кім жылдам» отбасылық спорттық сайыс



Тәрбиеші: Б.Ганиева

А.Сейткасимова

2023-2024 оқу жылы

Спорттық шараның атауы: «Кім жылдам» отбасылық спорттық сайыс.

Мақсаты: Таза ауада спорттық сайыс жарысын ұйымдастыру арқылы ата - аналарды балабақша өміріне араластыру. Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір сүруге қызығушылығын арттыру. Жас ұрпаққа және ата - аналарға денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүруге қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру. Спортқа деген қызығушылығын арттыру, отбасының үндестікті және балалардың икемділігін, шапшаңдылығын, достыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Доптар, ленталар, қарлар, үй жануарлар, жіптер, қапшық.

Жүру барысы: Береке де осында,

Мерекеде осында

Болып жатыр той думан

Балабақша бағында

Көңіл қойып қараңыз

Жалындап тұр балаңыз

Қатысатын топтарды

Қол соғып қарсы аламыз

(Сайысқа қатысушы ата - аналар балалармен саппен жүріп келіп, қатарға тұрады)

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті ата - аналар, тәрбиешілер және балалар.

Бүгін біздің балабақшада үлкен мереке, біздің балаларымыздың ата - аналар арасында спорттық сайыс. Сайысқа қатысушы ата - аналар «Кім жылдам» атты көңілді сайысқа қош келдіңіздер!

(Ортада ән ұран ойналады)

Отбасылық жарысқа

Әділқазы береді

Жеңімпазын анықтап

Бізге айтып береді - деп әділқазыларды таныстыру.

1. Балабақша әдіскері: Жылысбаева Р

2. Балабақша медбикесі: Базарбаева М

3. Балабақша тәрбиешісі: Бидәулетова П

Жүргізуші: Біздің сайысымыз 6 - бөлімнен тұрады:

1. Таныстыру

2. «Кім жылдам»

3. «Бәйге»

4. «Ептілік»

5. «Тіркесіп жүгіру»

6. «Қар жинау»

7. «Қол күрес»

Өнер қуып өтер дейміз

Бір баспен өнері жетер дейміз

Сайысқа келген отбасы кезектесіп

Таныстырып өздерін кетер дейміз - дей отырып кезекті таныстыруға берейік.

«Кім жылдам»: Әр отбасылы топқа доп беріледі, кедергілер арқылы баласы жүгіріп, мәреден айналып келіп, допты анасына берді, анасы кедергілер арқылы айналып келіп, әкесіне допты береді, осылайша межеден айналады.

Бәйге түсіп жарыспай,

Жүйріктің бағы жанар ма

Білім мен өнер жараспай

Сайыстың мәні бола ма - деп келесі сайысымыз

«Бәйге»: Баласы әкесінің арқасында, анасы стартта қалады, анасының қолында әртүрлі ленталар болады, керілген жіпке анасының қолындағы ленталарды жіпке бір - бірден байлау керек, анасы лентаны бір - бірден беріп тұрады. Осылайша сайыс жалғасады.

«Ептілік»: Әкесі допты еденге соғып, межеден айналады, анасының қолында екі ақ бет қағаз болады, қағазды алма кезек еденге қойып, дәл солай межеден айналып, қайту керек, баласы еденде жатқан жануарларды жинап, қоржынға салып, әкелу керек.

Қалма жұрттың соңында

Қажет болса мың атта

Аздық етер онында

Жету үшін мұратқа

«Тіркесіп жүру»: Әкесі анасы екеуінің орталарында шар болады, кедергілер арқылы сол шармен бірге тіркесіп, межеден айналып келеді, баласы қаппен секіріп межеден айналып келеді, межеден айналу керек.

«Қар жинау»: Балалар еденде шашылып жатқан қарларды бір - бірден шелекке жинап салу керек, қанша қар жинағанын есептеу арқылы жеңімпаз анықталады.

«Қол күрес»: Ал қадірлі халайық

Зердемізді салайық

Белімізді буып алып, бекініп

Күшімізді сынайық - дей отырып, келесі сайысымыз қол күрес, әкелер сайысады.

Жүргізуші: Қазылар орнықтырар әділдікті

Кімдердің бірліктері кәміл шықты

Бүгінгі отбасылық сайысында

Жеңіске жетер дейміз нағыз отбасысы - деп әділқазыларға сөз кезегін береміз.(ата - аналарды мадақтау)

Жүргізуші: Жарыс заңы ежелден

Жеңімпазды анықтау

Жеңімпаз болу шарты сол

Еңбектену, жалықпау

Біреу озса, сайыста

Біреу артта қалады

Жеңілгендер ренжімей

Тараса бізге жарады - дей отырып, бүгінгі «Кім жылдам» отбасылық сайыс аяқталды, сайсқа қатысқан отбасыларға мың алғыс, сау болыңыздар.

Бекітемін

«Балдәурен» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі  Т.Жаңибекова

«__» «__» 2023 жыл

«Қарлығаш» ортаңғы тобы

Ашық есік күні

«Тіс щетка патшалығы»



Медбике: М.Базарбаева

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Тіс щетка патшалығы»

Мақсаты: Тіс туралы түсінік беру. Балаларға көзді күтуге, тіс тазалығы, оның қасиеттілігін, пайдасын түсіндіріп айту. Суреттер арқылы әңгімелеу. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, жеке басының гигиенасын сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, тіс пастасы, щеткасы, айна, тіс макеті.

Әдіс - тәсілі: көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ - жауап, сергіту, қорыту.

Мотивациялық қозғаушы.

«Шаттық шеңбері»

Қуанамын мен де,

Қуанасың сен де,

Қуанамыз баршамыз

Арайлап атқан күнге!

Ұйымдастырушы ізденушілік.

Оқу іс - әрекетің тақырыбымен таныстыру.

Балаларға жұмбақ жасыру

1. Көреді бәрін өзгенің,

Көре алмайды өздерін. (көз)

2. Өзі аппақ маржандай

Тамақ өтпес шайнамай (тіс)

Қоршаған ортаны көру қабілеті – адамның бағалы сезімдерінің бірі. Біз өміріміздегі барлық жаңалықтарды көздің көмегімен қабылдаймыз. Қас, қабақ және кірпік көзді шаң тозаңнан, тер тамшысынан сақтайды.

- көздің көру қабілетін арттыруға «А» дәруменінің пайдасы зор, сондықтан тамаққа сәбізді көп пайдалану қажет;

- кітап оқығанда, сурет салғанда көзбен қағаз арасында 30 см қашықтықта сақтау керек;

- қараңғыда немесе жарық жеткіліксіз жерде оқу көздің көру қабілетін төмендетеді;

- теледидар көргенде 2 - 3 метр қашықтықта отыру қажет;

- жұмыс үстінде қайшы және басқа үшкір заттармен көзді жарақаттап алмас үшін өте ұқыптылық қажет.

Енді тісіміз туралы айтатын болсақ, тіс – біздің денеміздегі ең қатты зат.

Тістің негізгі қызметі – тамақты шайнау. Тіс жақ сүйектен өседі. Адам дүниеге келгеннен кейін, алты ай болғанда бастап шығады – ол «сүт тіс» деп аталады. Алты жасқа толғанда сүт тістер түсе бастайды, түскен тістің орнына «негізгі тістер» шығады. Олардың көлемі үлкендеу, барлық тістер сыйып тұруы үшін сонымен бірге адамның жақтары да өседі. Он екі жасқа толғанда барлық тіс жаңарып болады. Адамдардың көпшілігі 20 жасқа толғанда 32 тісі толық шығып болады.

Тосын сәт: есік қағылып, ішке тіс дәрігері келеді:

- Сәлеметсіздер ме балалар, мен тіс дәрігері боламын. Сіздерді тісті күту

ережесімен таныстырып, қалай дұрыс тазалауды көрсетуге келдім.
Балалар сіздер тіс тазалайсыздар ма?

Тіс қабығын «эмаль» жауып тұрады. Тамақты шайнаған кезде ауыз қуысынан қышқыл бөлінеді, бұл эмальді бұзады. Сондықтан тісті тамақтан соң тазалап, жуып тұру керек.

Сурет бойынша тісті қалай дұрыс тазалау реттілігін көрсетеді.

- Балалар тісті жақсы сақтау үшін тәттіні көп жемеу керек, тәтті тіс жегісі (кариес) ауруын тудырады. Оны дер кезінде емдеу керек. Тіс жегісі тістің қатты эмальын жеп тастайды және түбірінде бұзады. Тісіміз мықты болу үшін «С» және «Д» дәрумені бар тағамдар жеген дұрыс. Ол ағзадағы кальцийдің сақталуына көмектеседі. «С» дәрумені жеміс, көкөністерде болады. «Д» дәрумені балық, ірімшік, сүт, айран, уылдырық тағамдарында болады. Балалар мен енді басқа балаларға баруым керек. Сау болыңыздар!

Сергіту сәті:

Сағаттың тіліндей,

Иіліп оңға бір.

Сағаттың тіліндей,

Иіліп солға бір.

Оң аяқ, сол аяқ,

жаттығу оңай - ақ.

Дидактикалық ойын:

«Тазалық көмекшілерін жұмбақ арқылы тап».

Шарты:

Балалар жасырылған жұмбақтың шешуін сурет арқылы тауып, тақтаға іледі.

1. Дымқылдап күнде сен

Қолыңа сүйкесең,

Кетіп кір - ласың

Тап – таза боласың.

Бұл не? (Сабын)

2. Шомылған баланы,

Аймалап алады.

Сипайды қолында,

Сипайды жонында.

Бұл не? (Сүлгі)

3. Иілсең иіліп,

Түйілсең түйіліп.

Қарайды кісіге,

Ұқыпты ісіне.

Бұл не? (Айна)

4. Аузы жоқ, көзі жоқ,

Тілі жоқ, сөзі жоқ.

Бірақта тісі бар,

Шашыңмен ісі бар.

Бұл не? (Тарақ)

5. Белінен қыссаң,

Аузынан ақ уыз шығады.

Бұл не? (Тіс пастасы)

Балалар тісіміз сау болу үшін мына ережені тағыда бір естеріңе салайын:

1. Тісті күніне 2 рет тазалау.
2. Тамақтан соң ауызды шаю.
3. Ыстық тамақтан соң суық су ішпеу.
4. Қатты заттарды тіспен шакпау.
5. Тәттіні көп жемеу.
6. Тіс дәрігеріне жиі көріну.
7. Әркім өзінің жеке тіс щеткасын пайдалану.

Оқу іс - әрекетіне белсене араласқан балаларды мактап, мадақтау.

Бекітемін

«Балдәурен» бөбекжай бақшасының

меңгерушісі  Г.Жариебекова

«__» «__» 2023 ЖЫЛ

«Қарлығаш» ортаңғы тобы

Ашық есік күні

«Елтаңбасы елімнің» дидактикалық ойын

Тәрбиеші: Б.Ганиева

А.Сейткасимова

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Елтаңбасы елімнің»

Білім беру саласы: «Қатынас» «Шығармашылық»

Мақсаты: Балаларға еліміздің Президентін, рәміздерімізді таныстыру. Өз Отанын, туған жерін сүйге, қорғауға, сақтауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Мәнерлеп тақпақ айтуға үйрету.

Көрнекіліктер: Слайд, үлестірмелі материал, теледидар, суреттер.

Методикалық әдісі: Түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ — жауап, мадақтау

Тәрбиешінің іс — әрекеті

Тәрбиеші балалардың назарын өзіне аударып, шаттық шеңберіне шақырады.

— Сәлеметсіңдер ме, балалар!

— Балалар бізге көптеген қонақ апайлар келінгі, орнымыздан тұрып, келген қонақ апайлармен сәлемдесіп алайық.

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Барша жанды құрметтеп,

Бас иеміз біз.

— Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

— Күз мезгілінен кейін қай мезгіл келетінін білесіңдер ме?

— Қыс мезгілі келеді екен.

Сендер елбасымызды білесіңдер ме?

— Ал, балалар, көгілдір экранға назар аударайық.

— Балалар, бұл кім?

— Балалар, сендер қандай елде тұрасыңдар?

— Әр елдің өз басшысы болады. Біздің де Елбасымыз бар. Қасым Жомарт Тоқаев. Елбасымыз Астана қаласында тұрады. Мынау – Астана қаласы. Ал мынау балалар, елбасымыздың жұмыс жасайтын орны – Ақорда.

— Балалар елбасымызға арнап тақпағымызды айтайықшы.

— Отан туралы тақпақ, мақал — мәтелдер білеміз бе?

Мүлкіман:

— Қуат алған өзінен

— Туған елдің ұлымын

— Бакытты етіп өсірген

— Отанымның гүлімін.

Шұғыла:

— Отан – оттан да ыстық

Аяла:

— Отан — елдің анасы

Ханшайым — Отан – қуат

— Отбасы – шуақ

— Бағдәулет:

— Отансыз адам,

— Ормансыз бұлбұл.

— Балалар, әр елдің өз рәміздері, өз ана тілдері болады.

— Балалар, біз қай тілде сөйлейміз?

— Еліміздің рәміздерін мына көгілдір экран арқылы қарап білейік.

— Балалар бұл біздің мемлекеттік – Әнұранымыз. Ал, мынау – Елтаңба. Елтаңбаның ортасында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақ еліміздің біртұтастығын бейнелейді. Екі жағында қанатты тұлпар мәңгілік өмір, самғау биігі. Шекесінде 5 жұлдыз мемлекетіміздің жарқын болашағы.

— «Қазақстан» атты жазу біздің қазақ екенімізді білдіреді. Балалар туымыздың түсі – көк. Көк түс – адалдық пен тазалықтың, бейбітшіліктің белгісі. Тудың ортасында күн мен қалықтаған қыран құсымыз, оң жағында оюдың суреті бар. Күннің болуы – күндей жарқын болсын, дала бүркіті – дархандық пен қырағылықты бейнелеген. Оюдың бейнеленуі – қазақ екенімізді білдіреді.

Түстерінің сары болуы – молшылықтың белгісі екен.

— Балалар, рәміздер туралы кім тақпақтар біледі?

Сезім:

— Көк аспандай көкпеңбек

— Қазақстан жалауы

— Көк емес ол тектен — тек

— Елдің ашық қабағы.

Мадияр:

— Елтаңбасы елімнің

— Неткен әйбат әдемі

— Тұнығындай көңілдің

— Ортада аспан әлемі

Балалар, дидактикалық ойын ойнайық. Ойын: «тіспейді?»

Ойын шарты: Балалар мынау не?

Тудың ортасында не жетіспей тұрғанын тауып көріп жабыстырайық.

Мақсаты: Балаларды шығармашылыққа, жылдамдыққа үйрету.

— Балалар, біз нені жабыстырдық?

— Күннің түсі қандай?

— Күннің пішіні қандай?

— Тудың түсі қандай?

— Күнді

— Сары

— Домалақ

— Көк

Сергіту сәті

— Елбасымыз кім?

— Елбасымыздың жұмыс жасайтын орны қалай аталады?

— Біз қай елде тұрамыз?

— Біз бүгін не жабыстырдық?

— Жарайсыңдар, балалар!

Әрқашан еліміз тыныш, елбасшымыз аман, көк туымыз мәңгі желбірей берсін!